

6D070300 – Ақпараттық жүйелер мамандығы бойынша
(PhD) философия докторы дәрежесін алуға ұсынылған
Қасымова Динара Түгелбекқызының
«Үлкен деректердегі қайшылықтарды анықтау мен жою әдістерін зерттеу
және құру» атты диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ШІКІРІ

Берілген диссертациялық жұмыс үлкен деректердегі қайшылықтарды анықтау мен жоюдың өзекті мәселелеріне арналған, әртүрлі процестер мен объектілерді басқару есептерінде қолдану үшін маңызды ақпаратқа айналатындығына байланысты оларды табу маңызды.

Диссертант үлкен деректердегі қайшылықтарды анықтау мен жою үшін қолданыстағы материалдарды жинау және жүйелеу бойынша жұмыс жасады. Үлкен деректердегі қайшылықтарды анықтау мен жоюдың көптеген әдістерінен тиімді компоненттерді таңдау үшін жасалған зерттеу әдісімен ерекшеленетін статистикалық әдістер мен машиналық оқыту алгоритмдеріне негізделген кешенді әдісті қалыптастырды.

Ізденуші үлкен деректердегі қайшылықтарды анықтау және жоюға арналған статистикалық әдістер мен машиналық оқыту алгоритмдерінен тұратын кешендік әдісті құрды. Жұмыста статистикалық Граббс критерийі мен k-means алгоритмінен тұратын автоматты түрде қайшылықты анықтау мен жоюдың функционалдық схемасы ұсынылған.

Диссертациялық жұмыста қоғамдық көлік саласында қолданылатын нейрондық желілерге негізделген қайшылықтарды анықтау мен жоюдың дамытылған моделі мен алгоритмі құрылды.

Қоғамдық көлік саласына арналған күрделі әдіс негізінде қайшылықтарды анықтау және жою жүйесінің архитектурасы құрылды және қоғамдық көлік саласына арналған ақпараттық жүйеге арналған бағдарламалық жасақтама жасалды.

Нәтижесінде қоғамдық көліктің алдын-ала кестесін құрудың имитациялық моделі және алгоритмі ұсынылды.

Қайшылықтарды анықтау мен жоюға арналған ұсынылған кешендік әдісті неғұрлым кең ауқымды есептер мен тапсырмаларды шешуге де қолдануға болады.

Диссертациялық жұмыс бойынша ғылыми іздену және оны әзірлеу барысында Д. Қасымова жаңа ғылыми идеяларды игеруде өзінің еңбекқорлығын, қажырлығын және зерттеу мәселелері бойынша теориялық дайындығы жоғарылығын, жауапкершілігі мен кәсібилігін көрсете білді.

Ұсынылған диссертациялық жұмыс қазіргі заманғы өзекті мәселелердің бірі - үлкен деректердегі қайшылықтарды анықтау және жою мәселесін шешуге арналған аяқталған ғылыми-зерттеу жұмысы деп санаймын.

Қорыта келе, Қасымова Динараның «Үлкен деректердегі қайшылықтарды анықтау мен жою әдістерін зерттеу және құру» атты

диссертациялық жұмысы 6D070300 -Ақпараттық жүйелер мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ҚР БІМ Бақылау комитетінің диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарына сай және автор философия докторы дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші
Ақпараттық және есептеуіш
технологиялар институтының
т.ғ.д., профессоры



Е.Т. Өтепбергенов

т.ғ.д., профессор Е.Т. Өтепбергеновтың
колын «**Растаймын**»
Ақпараттық және есептеуіш
технологиялар институтының
бас ғылыми хатшысы,
PhD



О. А. Усатова